




ТЕЛЕДИДАР

# ТЕЛЕДИДАР-

- телехабар бағдарламаларындағы бейне мен дыбыстық сүйемелдеудің радио сигналдарын күшейту мен түрлендіруге арналған теле, радиоқабылдағыш теледидар түрлі түсті, ақаласықара кескінді, стационарлы және тасымалды болып ажыратылады.



- Теледидардың негізгі ерекшелігі бейне мен сүйемелдеуші дыбыс радиосигналдарын бір уақытта күшейту және түрлендіруезі теледидар әдетте супергетеродинді сұлба бойынша құрастырылады. Оның нұсқалары сүйемелдеуші дыбыс сигналдарын күшейту және бөлу әдістері бойынша бөлінеді.




- 20 ғасырдың соңында ертеден қолданылып келген кинескопты теледидарлардың орнын сұйық кристалды, плазмалы теледидарлар басты. Сұйық кристалды теледидарлар кескін айқындылығының, сапасының жоғарылығы бойынша қолданыстағы теледидарлардың ең озық түрі болып саналады.




# СҰЙЫҚ КРИСТАЛДЫ ТЕЛЕДИДАР

- Сұйық кристалды теледидарлар кескін айқындылығының, сапасының жоғарылығы бойынша қолданыстағы теледидарлардың ең озық түрі болып саналады.



# КИНЕСКОП-

- Кинескоп' - телевизиялық қабылдағыш түтік – телевизиялық кескін көрсетуге арналған электронды-сәулелік түтік. Ақ-қара түсті кинескоп та электронды сәуле люминесценциялық экранға түсіп, оны беріліп жатқан кескін сигналына байланысты жолма-жол және кадр бойынша жарықтандырады.



- Түрлі түсті Кинескопта бұл мақсат үшін 3 электронды сәулені пайдаланады. Олар мозаикалық немесе штрихтық экранның люминофорын бір түспен – қызыл, жасыл немесе көк түспен жарықтандырады. Біртүсті 3 кескінді беттестіру нәтижесінде қорытынды түрлі түс алынады. Тұрмыстағы теледидарларда әдетте, экраныны диагональ өлшемі 16-дан 72 см-ге дейінгі Кинескоп қолданылады (Кинескоп тереңдігі диагональ өлшемімен шамалас). 20 ғ-дың 80-жылдарынан бастап тереңдігі аз, беті жалпақ кинескоп құрастыру қолға алынды.

